САНДЫҚТАУ
АУДАНЫ

# Алғыс хат

*Құрметті Салтанат Махмудқызы!*

*Көктемнің тамаша мерекесі-8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтауымды қабыл алыңыз! Ауданымыздың қоғамдық, мәдени өміріне белсенді қатысып жатқаныңыз үшін және өзіңіздің кәсіби қызметіңізде қосқан елеулі үлесіңіз үшін шын жүректен алғысымды білдіремін! Сізге шын жүректен көктемгі көңіл-күй, сарқылмас сергектік, үлкен отбасылық бақыт, жылулық пен риясыз күлкі, еліміздің одан әрі өркендеуіне ықпал ететін көптеген жаңа тамаша мақсаттар тілеймін!*

*Сандықтау ауданының әкімі* — *Е. Жүсіпбеков*

*Балкашино, 2023 жыл*

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ

# ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫН ДАМЫТУҒА
ҚОСҚАН ЗОР ҮЛЕСІ, ЖАС ҰРПАҚТЫ ОҚЫТУ
ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ ІСІНДЕГІ ТАБЫСТАРЫ,
КӘСІБИ ШЕБЕРЛІКТЕРІ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ҮРДІСТЕГІ ЖЕТІСТІКТЕРІ ҮШІН

**Каиржанова Салтанат Махмудовна**

**МАРАПАТТАЛАДЫ**

***Ақмола облысы***
***білім басқармасының***
***басшысы*** ***Ш. Оразалин***

**Көкшетау қ., 2023 ж.** **№** 1546

«Қазақстандық  оқу-ағарту,ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының Астана қаласы мен Ақмола облыстық ұйымы»ҚБ

# ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АДАЛ ЖҰМЫС АТҚАРҒАНЫ
ЖӘНЕ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТТЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗГЕН НӘТИЖЕЛЕРІ ҮШІН

*Сандықтау ауданы, Мәдениет ауылының*
*жалпы орта білім беретін мектебінің*
*бастауыш сынып мұғалімі*

***Каиржанова Салтанат Махмудовна***

**МАРАПАТТАЛАДЫ**

***Төраға*** ***Б. Абдрахманов***

**Көкшетау қ., 2024 жыл**




«13» маусым 2024 жыл

**КУӘЛІК № 2981**

***КАИРЖАНОВА***
***САЛТАНАТ***
***МАХМУДОВНА***

***«БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ***
***ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІПОДАҒЫНА***
***СІҢІРГЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН»***
**төсбелгісімен марапатталды**

*Кәсіподақ*
*төрағасы* *А. Мұқашева*

AQMOLA

Балалар жылы 2022

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ

# Алғыс Хат

***Құрметті***

**КАИРЖАНОВА САЛТАНАТ МАХМУДОВНА**

*Дарынды балаларды дамыту жолындағы кәсіби шеберлігіңіз, педагогикалық талантыңыз және ерен еңбегіңіз үшін алғыс білдіремін!*

*Сіздің біліміңіз, еңбекқорлығыңыз, мейірімділігіңіз, шыдамдылығыңыз халықты сүйсіндіреді.*

*Сіздің көп жылғы тәжірибеңіз бен өз ісіңізге шын берілгендігіңіз жастарымыздың рухани және зияткерлік деңгейде әрі қарай дамуына ықпал етеді. Ұстаздық жүрегіңізде ешқашан да мейірімділік пен даналық таусылмасын!*

*Сізге осындай күрделі әрі маңызды қызметте жаңа табыс, зор денсаулық, төзімділік тілейміз!!!*

**Ақмола облысы білім басқармасының басшысы** **Б. Жүсіпов**

№ 617

2022 жыл

# *Құрметті*
# *Салтанат Махмұдқызы!*

*Ұстаз – адамнан дархан даналық пен жастық жігерді, сабырлық мен қажымас қайратты, ал ең бастысы балаларға деген сүйіспеншілікті талап ететін таңдаулы мамандық.*

*Мен осы айтылған қасиеттердің барлығы да сіздің бойыңыздан табылатынына сенімдімін, себебі педагогика саласында салған даңғыл жолыңыз соның бұлтартпас дәлелі.*

*Қазақстан Республикасының бәсекеге қабілеттілігі артып, тұрақты дамып келе жатқандығында сіздің де білім беру жүйесінде атқарып жүрген үздіксіз қажырлы және жемісті еңбегіңіздің үлесі бар.*

*Жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында шалқар шыдамыңыз бен өз ісіңізге деген адалдығыңыз, жоғары педагогикалық шеберлігіңіз, Отанымыздың игілігін арттыру жолындағы жемісті еңбегіңіз үшін шынайы алғысымды білдіргім келеді!*

*ҰСТАЗ атты қасиетті мамандықтың өкілі ретінде, сізге, шын ниетпен зор денсаулық, бақыт, барлық игі істеріңіз бен бастамаларыңызға табыс тілеймін!*

Ізгі ниетпен,

**Ақмола облысының әкімі** **Е. Маржықпаев**

Көкшетау - 2022 жыл